

"Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 маусымдағы N 558 Заңы

1-бап. "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 7, 165-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) бүкіл мәтін бойынша "уәкілетті мемлекеттік органның", "уәкілетті мемлекеттік орган", "уәкілетті мемлекеттік органы", "уәкілетті мемлекеттік органнан", "уәкілетті мемлекеттік органды", "уәкілетті мемлекеттік органмен" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органның", "уәкілетті орган", "уәкілетті органы", "уәкілетті органнан", "уәкілетті органды", "уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) аккредиттеу - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның метрологиялық жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің нақты түрлерін жүзеге асыруға заңды тұлғаның құқықтылығын ресми тануы;"

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесі - өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында жұмыстарды өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын объектілердің, мемлекеттік басқару органдарының, жеке және заңды тұлғалардың жиынтығы ; "

2) тармақша "уәкілетті" деген сөздің алдынан "стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшадағы "стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздер "стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын, "жөнінде жүзеге асыратын" деген сөздер "жөніндегі" деген сөзбен ауыстырылсын ;

9) тармақшада "бақылау мен" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) өлшем құралдарын тексеру әдістемесі - орындалуы өлшем құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін айқындауға және растауға мүмкіндік беретін операциялар мен ережелердің жиынтығы;"

мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1) өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау - бірен-саран данада

шығарылған немесе әкелінген өлшем құралдарының өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін белгілеу (растау));";

мынадай мазмұндағы 14-1) тармақшамен толықтырылсын:

"14-1) өлшем құралдарын салыстырып тексеруші - өлшем құралдарын салыстырып тексеру жүргізу құқығына стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аттестатталған мемлекеттік метрологиялық қызметтің немесе аккредиттелген заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерінің м а м а н ы ; " ;

1 5) т а р м а қ ш а д а :

"оған уәкілетті басқа органдар" деген сөздер "басқа аккредиттелген заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"техникалық" деген сөзден кейін "және метрологиялық" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 16-1) тармақшамен толықтырылсын:

"16-1) салғастыру - эталондар мен өлшем құралдарының метрологиялық сипаттамаларын зерттеудің нәтижелерін салыстыру;"

мынадай мазмұндағы 17-1) және 17-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"17-1) стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган - стандарттау, метрология, сертификаттау және аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

17-2) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудитор - стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында жұмыстарды жүргізу құқығына аттестатталған жеке т ұ л ғ а ; " ;

3) 5 - б а п т а :

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасында" деген сөздер алып тасталып, "өлшем" деген сөз бас әріппен жазылсын;

2 - т а р м а қ т а :

4) тармақшадағы "іргелі" деген сөз "ғылыми" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарын, шама бірліктерінің эталондарын жасау, бекіту, сақтау, қолдану және салғастыру ережелерін белгілейді, Қазақстан Республикасының шама бірліктерінің эталондық базасын жетілдіреді;"

мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарының сыныптамасын белгілейді;"

7) тармақша "нәтижелеріне" деген сөзден кейін ", өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелеріне" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақша "белгілейді" деген сөзден кейін ", өлшем құралдарын салыстырып

тексеру және калибрлеу нәтижелерін салғастыруды ұйымдастырады" деген сөздермен толықтырылсын;

9) тармақшадағы "тізілімін жүргізеді" деген сөздер "тізілімін жүргізуді ұйымдастырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) тармақшадағы "кадрларды кәсіби даярлауды" деген сөздер "кадрлардың біліктілігін арттыруды" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 13)-15) тармақшалармен толықтырылсын:

"13) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында аккредиттеуді және лицензиялауды жүзеге асырады, өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы аккредиттеуге жататын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін айқындайды;

14) өлшем құралдарының түрін бекіту туралы сертификаттардың, өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификаттардың, өлшем құралдарын салыстырып тексеру туралы сертификаттардың нысандарын белгілейді;

15) салыстырып тексеру таңбаларын дайындаудың, сақтаудың және қолданудың тәртібін белгілейді." ;

4) 6-баптың 2) тармақшасында "эталондары" деген сөзден кейін ", шама бірліктерінің эталондары" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"7-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің объектілері

Шама бірліктері, шама бірліктерінің мемлекеттік эталондары, шама бірліктерінің эталондары, өлшем құралдары, өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері, өлшем құралдарына, әдістеріне және нәтижелеріне қойылатын талаптар, өлшемдерді орындау әдістемелері, өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік басқару органдарының, жеке, заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерінің жұмысы өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің объектілері болып табылады.";

6) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

"10-1-бап. Шама бірліктерінің эталондары

Шама бірліктерінің эталондары шама бірліктерін (шама бірліктерінің еселенген не үлестік мәнін) олардың көлемдерін осы шамалардың басқа өлшем құралдарына беру мақсатымен ұдайы шығаруға және (немесе) сақтауға арналған.

Шама бірліктерінің эталондарын мемлекеттік метрологиялық қызмет, мемлекеттік басқару органдарының және заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтері қолданады." ;

7) мынадай мазмұндағы 11-1-баппен толықтырылсын:

"11-1-бап. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері

1. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелері өлшем құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкестігін анықтау мен

растау үшін пайдаланылады және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде міндетті тіркелуге жатады.

2. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемелерін әзірлеу, бекіту және қолдану тәртібін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.";

8) 1 2 - б а п т а :

1-тармақтағы "бақылау мен" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өлшемдерді орындау әдістемелерін әзірлеу және метрологиялық аттестаттау, сондай-ақ өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттау құқығына заңды тұлғаларды аккредиттеу тәртібін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.";

9) 13-баптың 3-тармағындағы "қызметтерінен" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "тұрады." деген сөз алып тасталсын және бап мынадай мазмұндағы 4) және 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудиторлардан;

5) өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында консалтингтік қызметтер көрсететін заңды тұлғалардан тұрады.";

1 0) 1 4 - б а п т а :

1) тармақша "органнан" деген сөзден кейін "және оның аумақтық бөлімшелерінен" деген сөздермен толықтырылсын;

2) т а р м а қ ш а д а :

"сондай-ақ", "(орталықтардан)" деген сөздер алып тасталсын;

"әзірлейтін" деген сөзден кейін ", шама бірліктерінің эталондарын, өлшем құралдарын салыстырып тексеру мен калибрлеу нәтижелерін салғастыруды, шама бірліктерінің эталондарын және жоғары дәлдікті өлшем құралдарын салыстырып тексеруді, ғылыми-зерттеу жұмыстарын, кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлауды жүргізетін" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша алып тасталсын;

11) 15-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік қызметтері стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органды және оның аумақтық бөлімшелерін, мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталықты, мемлекеттік басқару органдарының метрологиялық қызметтерін қамтиды.

Өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік қызметтері стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін ережелер негізінде өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асырады.";

12) мынадай мазмұндағы 16-1 және 16-2-баптармен толықтырылсын:

"16-1-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудиторлар

1. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудиторлар өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы, соның ішінде жеке және заңды тұлғаларды лицензиялау және аккредиттеу кезіндегі жұмыстарды жүзеге асырады.

2. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы сарапшы-аудиторлардың қызметі өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

16-2-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында консалтингтік қызметтер көрсететін заңды тұлғалар

Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында консалтингтік қызметтер көрсететін заңды тұлғалар өз қызметін өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырады.";

13) 17-19-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Өлшем құралдарының түрін бекіту және оларды метрологиялық аттестаттау

1. Көптеп өндіруге немесе Қазақстан Республикасының аумағына партиялармен әкелуге арналған өлшем құралдары сынақтан өткізіліп, осы өлшем құралдарының түрі к е й і н н е н б е к і т і л у г е т и і с .

Өлшем құралдарының түрін бекіту туралы шешімді стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган қабылдайды және ол белгіленген үлгідегі өлшем құралдарының түрін бекіту туралы сертификатпен куәландырылады, сертификаттың қолданылу мерзімі оны берген кезде белгіленеді.

2. Бірен-саран данада жасалынған немесе әкелінген және мемлекеттік метрологиялық қадағалауға жататын өлшем құралдары метрологиялық аттестаттаудан ө т к і з і л е д і .

Өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы шешім белгіленген үлгідегі өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттау туралы сертификатпен куәландырылады, сертификаттың қолданылу мерзімі оны берген кезде белгіленеді.

3. Өлшем құралдарының түрін бекіту мақсаты үшін және бекітілген түрге сәйкестігін сынауды, өлшем құралдарын метрологиялық аттестаттауды мемлекеттік метрологиялық қызмет жүргізеді.

Өлшем құралдарының бекітілген түрі және метрологиялық аттестаттаудан өткен өлшем құралдары өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне е н г і з і л е д і .

4. Бекітілген түрдегі өлшем құралына және (немесе) әрбір данаға ілестіріп жіберілетін пайдалану құжаттарына өлшем құралдарының стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген түрін бекіту белгісі қойылады .

5. Өлшем құралдарының түрін бекіту туралы ақпарат және бекітілген түрдің күшін жою туралы шешім стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті органның ресми басылымдарында жарияланады.

6. Түрін бекіту мақсаты үшін сынақтан немесе метрологиялық аттестаттаудан өтпеген өлшем құралдарын айналымға шығаруға, қолдануға, өткізуге және жарнамалауға тыйым салынады.

Түрін бекіту туралы сертификаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін пайдалануда болатын және мемлекеттік метрологиялық қадағалауды жүзеге асыру саласында қолданылатын өлшем құралдары толық табиғи тозғанға дейін қолданылады.

18-бап. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында лицензиялау және аккредиттеу

1. Өлшем құралдарын өндіруді және жөндеуді, оның ішінде заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандарттық үлгілерін, заттардың аттестатталған қоспаларын өндіруді жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган беретін тиісті лицензияны алғаннан кейін жүзеге асыра алады.

2. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру мен калибрлеуді, өлшемдерді орындау әдістемелерін метрологиялық аттестаттауды стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қызметтің осы түріне аккредиттелген заңды тұлғалар жүзеге асырады.

19-бап. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру

1. Мемлекеттік метрологиялық қадағалауды жүзеге асыру саласында қолданылатын өлшем құралдары өндірістен немесе жөндеуден шығару, пайдалану және импорт бойынша әкелу кезінде түрі бекітілгеннен кейін немесе метрологиялық аттестаттаудан және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелгеннен кейін салыстырылып тексеріледі.

Салыстырып тексеруді мемлекеттік метрологиялық қызмет, сондай-ақ қызметтің осы түріне аккредиттелген заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтері жүзеге асырады.

2. Өлшем құралдарын салыстырып тексерудің тізбесі мен мерзімділігін, сондай-ақ оны жүргізу тәртібін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

3. Аккредиттелген заңды тұлғалардың қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына және өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Өлшем құралдарын салыстырып тексеру құқығына аккредиттелген заңды тұлғалар салыстырып тексерілетін өлшем құралдары туралы деректердің электрондық есебін жүргізуді және оларды мемлекеттік ғылыми метрологиялық орталыққа

стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен беруді жүзеге асыруға тиіс.

5. Өлшем құралдарын салыстырып тексеруді өлшем құралдарын салыстырып тексеру әдістемесіне сәйкес мемлекеттік метрологиялық қызметтің немесе аккредиттелген заңды тұлғалардың метрологиялық қызметтерінің салыстырып тексерушілері жүзеге асырады. Салыстырып тексерушілерді аттестаттау тәртібін стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті орган айқындайды.

6. Салыстырып тексерудің оң нәтижелері өлшем құралына және (немесе) пайдалану құжаттамасына басылатын салыстырып тексеру таңбасының баспа-таңбасымен және (немесе) салыстырып тексеру туралы сертификатпен куәландырылады.

7. Физикалық шамалардың өзгерісін олардың мәндерін нормаланған дәлдікпен шамалар бірліктерінде бағалаусыз байқау үшін қолданылатын техникалық құралдар салыстырып тексеруге жатпайды.

Мұндай техникалық құралдардың жарамдылығын бақылауды оларды пайдаланушылар жүзеге асырады.";

14) 20 - бапта :

1-тармақтың екінші бөлігіндегі "пайдалана отырып" деген сөздерден кейін ", аккредиттелген" деген сөзбен толықтырылсын;

2 және 3-тармақтар алып тасталсын;

15) 21-баптағы "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздерден кейін "және оның аумақтық бөлімшелері" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 22-бап мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) "өлшеп орау, сату және импорттау кезіндегі оралған тауарлардың саны.";

17) 23 - бапта :

9) тармақша "геодезиялық" деген сөзден кейін ", геологиялық" деген сөзбен толықтырылсын;

11) тармақшада "материалдық" деген сөз "энергетикалық" деген сөзбен ауыстырылсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"15) өлшем құралдарын сынау, метрологиялық аттестаттау, салыстырып тексеру, калибрлеу;" ;

мынадай мазмұндағы 16)-18) тармақшалармен толықтырылсын:

"16) ғылыми зерттеулер жүргізу;

17) қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

18) ойын автоматтарын шығару және қолдану кезінде пайдаланылатын өлшемдерге қолданылады." ;

18) 28-баптың 3-тармағында :

4) тармақшадағы "мемлекеттік" деген сөз алып тасталсын;

5) тармақшадағы "тексеру таңбаларын" деген сөздер "салыстырып тексеру

таңбаларының баспа-таңбасын" деген сөздермен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

"5-1) өлшем құралдарының өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін белгілеу үшін оған инспекциялық салыстырып тексеру жүргізуге;"

19) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"29-бап. Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңдарын бұзғандық үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.";

20) 31-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы "бағдарламалар" деген сөзден кейін нүктелі үтір қойылып, "қаржыландырылады." деген сөз алып тасталсын және тармақ мынадай мазмұндағы 3) және 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласында өз қызметін жүзеге асыратын халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысуы және мүшелік жарналар төлеуі;

4) Қазақстан Республикасының шама бірліктерінің мемлекеттік эталондарын жасауға және ұстауға арналған шығыстар қаржыландырылады.".

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті